

Дайындау бағыты 6D050700-Менеджмент мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін ізденуге ұсынған Адаева Назыкуль Аманбековнаның «Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беруді басқару механизмін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

Пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибенің және ғылым мен техниканың даму талаптарына сәйкес) байланысы.

Білім – адамның ажырамас құқығы. Ұлттық білім беру жүйесінде мүгедектігі бар балалар ерекше орын алады. Осы санаттағы балаларға өмірді қолдау мәселелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдау туралы», сондай-ақ бірқатар нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған. Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық басқа балалармен тең құқылы білім алу және шығармашылық даму құқығы қарастырылғанымен, шынайы өмірде мүгедектігі бар балалар осы құқықты жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылады. Осындай балаларға қатысты мемлекет пен қоғам алдында тұрған басты міндет – оларды әлеуметтік оңалтуға және бейімдеуге, қоғамда толық өмірге дайындалуға жағдай жасау және оларды қамтамасыз ету. Шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қолжетімді мектептерді құру және бірлескен дайындық мүгедектердің әлеуметтік бейімделуіне, олардың тәуелсіздігі мен дербестігіне, ең бастысы – мүгедектерге қатысты қоғамдық пікірді өзгертуге, толыққанды адамдарға төзімділік танытып, басқа адамдарға құрметпен қарауды үйретеді.

Қазіргі білім беру жүйесін дамытуға және оның басқару тетіктерін жетілдіруге инклюзивті білім беруді енгізудің өзектілігі күмәнсіз. Арнайы білім берудің қазіргі заманғы жүйесі өзгертіп отырады. Бұл өзгерістер әртүрлі бағыттар бойынша арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуді қарастырады. Бірақ бүгінгі күні арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін жабық арнайы білім берудің баламалы нұсқалары туралы мәселе өткір болды.

Қазақстандағы қазіргі жағдай осы мәселені шешу үшін шет мемлекеттердің оңтайлы тәжірибесін пайдалана отырып, қазақстандық мектептің нақты ахуалына қарай осы үрдісті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді, инклюзивті сыныпта жұмыс істеу үшін мұғалімдерге арналған іргелі оқу бағдарламаларын енгізуді, ата-аналардың инклюзивтік және инклюзивті білім беру саласында медиа-білім беруді күшейтуді талап етеді. Бұған Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді басқару механизмін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады.